

Талдықорған облысын экономикалық дамытушың қосымша шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 17 наурыздағы N 331

"Қазақстан Республикасының 1996 жылғы экономикалық жағдайы және оны жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 қаңтардағы кеңейтілген мәжілісінің шешімдерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғат ресурстары министрлігі "KEGOC" акционерлік қоғамының электр желілері бойынша Талдықорған облысына электр энергияларының қосымша қолемдерін бекітілген тарифтер бойынша әкелуіне және ол арқылы тасымалдауды бақылауды қамтамасыз етсін.

2. Талдықорған облысының әкіміне салынып жатқан Талдықорған электр жүктеу насостары заводының дирекциясы үшін айналым қаражатын құруға Қазақстан Республикасы Үкіметінің Резервтік қорынан 28 млн. теңге бөлінсін.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт - импорт банкі 1997 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген несиelerдің жалпы қолемінің шектерінде, салынып жатқан Талдықорған электр жүктеу насостары заводының дирекциясына іске қосып-реттеу жұмыстарын жүргізуге және заводты пайдалануға қосуды қамтамасыз етуге арнап 47 млн. теңге қолемінде несие ресурстарын бөлсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Талдықорған облысына жоспарланған субвенцияны: 1997 жылдың I тоқсаны үшін - 1997 жылдың 20 наурызына дейін, 1997 жылдың II тоқсаны үшін - 1997 жылдың 20 маусымына дейін бөлуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп "РР Қазақстан - сауда және қаржыландыру" бірлескен кәсіпорнының келісім-шарт бойынша "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын басқаруға арналған өз міндеттемелерін орындаудың және оған 1997 жылдың 24 наурызына дейін 60 млн. теңге сомасында инвестициялар бөлінуін қамтамасыз етсін;

Талдықорған облысының әкімімен бірлесіп зандарда белгіленген тәртіппен "Асылтас", "Темір" акционерлік қоғамдарын қайта құрылымдау және олардың мүлкін бөліктеу және "Қарабұлақ-Шекер", "Арқарлы-Алтын" акционерлік қоғамдарын тарату мәселелерін шешсін;

бір ай мерзім ішінде "Қазцинк" акционерлік қоғамымен және "РР Қазақстан - сауда және қаржыландыру" фирмасының басқарушысымен бірлесіп "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы өндіретін мырыш және қорғасын

концентраттарына арналған бағаны келісудің тәртібін қарасын;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен, Ішкі істер министрлігімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп (келісім бойынша) 1997 жылдың 20 наурызына дейінгі мерзімде олардың "Қазаккуммулятор" акционерлік қоғамының өнімдеріне мұқтаждықтарын айқындасын;

"Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 ақпандағы N 148 қаулысының 3-тармағына сәйкес Талдықорған облысы әкімінің ұсыныстарын қараудың нәтижелерін ескере отырып инвестициялық жобалар мен мақсатты республикалық бағдарламалар объектілерінің тізбесіне түзету жасау жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізілсін;

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен және басқа да мұдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп мына инвестициялық жобаларды: Текелі қаласы бойынша "Шұнғыт өндіру және қайта өндеу", "Саф таза су", "Алатаумрамор" акционерлік қоғамын техникалық қайта жарақтандыру" және Өсек және Көксу тау өзендерінде СЭС каскадтарының құрылышын салу, су және электр станцияларын, "Қайнар" акционерлік қоғамында қорғасын қалдықтарын қайта өндеу және сепараторлар өндіру жөніндегі цехтарды дамытуды, "Концерн Азия-электрик" акционерлік қоғамында, "N 1 Талдықорған машина-техникалық станциясында", "Ауыл" акционерлік қоғамында кабель өнімдерін өндіруді кеңейтуді тікелей инвестициялардың есебінен қаржыландыру мәселесін пысықтасын;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі және Республика Ұланы үшін мемлекеттік сатып алушы қалыптастыру кезінде киім-кешек тігу жөніндегі "Ажар" және "Аттай" акционерлік қоғамдарының ұсыныстарын олардың мамандануы мен көрсетілген министрліктермен көптен бергі байланысын ескере отырып конкурстық негізде қарасын.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

"Мемлекеттік азық-түліктік келісім-шарт корпорациясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамымен бірлесіп 1997 жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде 1996 жылы село тауар өндірушілеріне берілген өнімдері үшін "Қайнар" акционерлік қоғамы алған 1050 мың АҚШ доллары сомасындағы вексельдердің өтелуін қамтамсыз етсін;

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылық қолдау қорымен бірлесіп бірінші кезекті тәртіппен шаруа (фермерлік) қожалығын дамыту үшін Ведомствоаралық кеңес бекіткен сметалардың шегінде қаражат бөлсін;

белгіленген тәртіппен қайтарылуы негізінде Талдықорған облысының Панфилов ауданының тұқымдық дән шаруашылықтарына молдаван селекциясы жүгерісінің аталық нысандарын әкелуі үшін 18 млн. теңге бөлсін;

Талдықорған облысы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерінің өтініші бойынша 1997 жылды Лизингтік қордан лизингтік негізде техника әкелу үшін қаражат

бөлу көзделсін.

7. "Мемлекеттік азық-түліктік келісім-шарт корпорациясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы Талдықорған облысына шарттық талаптармен және қарыз тәртібімен 7,0 мың тонна жаздық астық дақылдарының тұқымын бөлу мәселесін қарасын.

8. Талдықорған облысының әкіміне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюоды қоса алғанда төтенше жағдайлар мен іс-шараларды қаржыландыру үшін оларды 6 млн. теңге сомада Текелі қаласындағы N 1 мектептің үйін жер сілкінуге қарсы құшайту жөніндегі жұмыстарды аяқтауға және 22 млн. теңге сомада "Қазселденкорғай" республикалық мемлекеттік кәсіпорынның бірінші кезектегі жағалауды нығайту, Қорғас өзеніндегі аспалы көпірді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуіне және Талдықорған қаласының шенберінде Қаратал өзенінің су жайылатын жерлерінде тасқынға қарсы іс-шараларды орындауға жұмсауды көздел Қазақстан Республикасы Үкіметінің Резервтік қорынан 28 млн. теңге бөлсін.

9. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі облыстың сақтандыру жарналары мен Зейнетакы қорына ағымдағы берешектері жөніндегі қарыздарын өтеудің кестесін орындауы, сондай-ақ Талдықорған облысының әкімімен бірлесіп бекітілген зейнетакы төлеуді өтеу кестесін ескере отырып орталықтандырылған шотқа тиесілі қаражаттың сомасын уақытында және толық аударуы шартымен Қазақстан Республикасының Зейнетакы қорынан Талдықорған облысына дотациялардың уақытында бөлінуін қамтамасыз етсін.

10. Талдықорған облысының әкімі:

1997 жылға арналған терендетілген реформалар бойынша іс-қимыл жоспарын орындауды;

энергия ресурстарын тұтынғаны үшін төлемдер мен ақының толық жиналудын; берілген кепілдікке сәйкес 1996 жылы лизинг бойынша техникалар алуға бөлінген қаражатты белгіленген мерзімдерде қайтаруды;

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылық қолдау қорынан алынған астықтық қарыздар мен қаржы қаражатын 1997 жылдың 1 қарашасына дейін қайтаруды қамтамасыз етсін.

11. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК